

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Қызылқоға ауданы Жамбыл ауылдық округі әкімінің 2026 жылғы 5 наурыздағы № 6 шешімі. Күші жойылды - Атырау облысы Қызылқоға ауданы Жамбыл ауылдық округі әкімінің 2026 жылғы 13 сәуірдегі № 11 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Қызылқоға ауданы Жамбыл ауылдық округі әкімінің 13.04.2026 № 11 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" "Қазақстан Республикасы Заңының 35 бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қызылқоға аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2026 жылғы 5 наурыздағы № 11-10/63-И ұсынысы негізінде, Жамбыл ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ірі қара мал арасында вирустық диарея және инфекциялық ринотрахеит ауруларының анықталуына байланысты Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Жамбыл ауылдық округінің аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін. Эпизотиялық ахуал тұрақталғанға дейін шешім күшінде болады.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзімде қалдырамын.

Округ әкімі

О. Аронов